



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

Шұбарқұдық кенті
Желтоқсан, 8
2021 жылғы 18. 10.

№ 206

поселок Шубаркудук
ул. Желтоқсан, 8
2021 год

Темір ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 17 тамыздағы №133 «Темір ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурс, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы» қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 20 маусымдағы Жер кодексінің 48 бабына, Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабына, Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің «Жер учаскесін немесе жер учаскесін жалдау құқығын сату жөніндегі сауда-саттықты (конкурстарды, аукциондарды), оның ішінде электрондық түрде, ұйымдастыру мен өткізу қағидаларын бекіту туралы» 2015 жылғы 31 наурыздағы № 290 бұйрығына сәйкес Темір ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Темір ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 17 тамыздағы №133 «Темір ауданы бойынша сауда-саттықта (конкурс, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің тізбесін анықтау туралы» қаулысына төмендегідей өзгерістер енгізілсін:

1-ші тармақтағы «Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің көлемі 10,8842 га тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын» деген сөздер «Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің көлемі 20,625 га тізбесі қосымшаға сәйкес анықталсын» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Сауда-саттықта (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін жер учаскелері ұсынылған және осы қаулыдан туындайтын басқа да, шараларды орындау Темір аудандық жер қатынастары бөліміне тапсырылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Темір ауданы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

Темір ауданының әкімі

С.Аманбаев

Саудада (конкурстарда, аукциондарда) сату үшін ұсынылған жер учаскелерінің
тізімін бекіту туралы

р/с	Сауданы өткізу тәсілі мен әдісі	Құқықтан айыру түрі	Жер учаскесінің алаңы (га)	Нысаналы Мақсаты	Жер учаскесінің орналасқан жері
1	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	5,0	Кемпинг орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Ақтөбе-Атырау тас жолы бойынан
2	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	5,0	Кемпинг орналастыру және қызмет көрсету үшін	Шұбарқұдық кенті, Ақтөбе-Атырау тас жолы бойынан
3	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,2500	Демалыс орталығының құрылыстары мен ғимараттарын орналастыру және қызмет көрсету үшін	Ащысай ауылы, Ақтөбе-Болгарка- Шұбарқұдық тас жолы бойынан
4	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,025	Үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңжияқ кенті, Корпус көшесі бойынан
5	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,01	Үй жайларды (құрылыстар мен ғимараттар) орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңжияқ кенті, Байғанин көшесі бойынан
6	Ағылшын	1 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,05	павильон орналастыру және қызмет көрсету үшін	Кеңжияқ кенті, Қазақтың Мұнайына 100 жыл көшесі бойынан
7	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,04	Құрылыстар мен ғимараттар орналастыру және қызмет көрсету үшін	Саркөл ауылдық округіне кіре беріс

					жерден
8	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	0,2500	Құрылыстар мен ғимараттар орналастыру және қызмет көрсету үшін	Саркөл-Жаңажол тас жолы бойынан
9	Ағылшын	3 жыл жалдау құқығын сатып алу	10,0	Деректер орталығының құрылысын жүргізу	Кеңжияқ кенті елді-мекен жерлері
Жиынтығы, га			20,625		